ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

17 наурыз 2025 жыл №2713-25-00-2/136 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.О.Биссалиева
сот отырысының хатшысы М.Мусағали
аудармашы Г.Нурланова қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі электронды форматта қарады:

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Батыс Қазақстан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Зорхан» Адылов Арман Серикович жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
талап қоюшының өкілі А.А.Еркегулова
жауапкер А.С.Адылов, оның өкілі А.А.Круглов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 9 желтоқсанда «Батыс Қазақстан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Талап қоюшы, Тапсырыс беруші) мен «Зорхан» А.С.Адылов жеке кәсіпкері арасында (бұдан әрі – Жауапкер, Мердігер) құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №104 шарт жасасты. Қызмет құнының жалпы сомасы 2 750 000 теңгені құрайды.

Құжатқа қол қойылған: Биссалиева А. О., 27.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.04.2025, судья Биссалиева А. О., 30.04.2025

Шартқа 1-қосымшаға сәйкес міндеттемелерді орындаудың соңғы мерзімі 2024 жылдың 24 желтоқсаны (келсімшарт күшіне енген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн).

Шарттың 9.1 тармағына сәйкес, шарттың қолданылу мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

2024 жылдың 31 желтоқсанында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жауапкерге шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолданған.

2024 жылдың 31 желтоқсанында Шарт біржақты тәртіппен тоқтатылды.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа талап арызбен жүгініп, жауапкер жұмысты мерзімінде, яғни 2024 жылдың 24 желтоқсанына дейін орындамағанын алға тартты.

Жауапкер өз жауабында нысан бойынша жұмыс жартылай аяқталғанын және тапсырыс берушіге келеңсіз салдардың жоқтығын айтып, талаппен келіспейді.

Сот отырысында талап коюшының өкілі талап арызда көрсетілген дәлелдерге сәйкес талапты толық қолдайтынын түсіндірді.

Сот отырысында жауапкердің өкілі жауапта көрсетілген уәждерін келтіріп, талап арызбен келіспейді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының (одан әрі-Заң) 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өңім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 683-бабына сәйкес өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1-тармағына сай, орындаушы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Биссалиева А. О., 27.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.04.2025, судья Биссалиева А. О., 30.04.2025
2713-25-3-1/74

Іс материалдарымен анықталғандай, тараптар арасында 2024 жылғы 9 желтоқсанда №104 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі-шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер жергілікті желілерді құру бойынша жұмыстарың көрсетуді міндетіне алған, ал тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенген.

Шартты орындау мерзімі 2024 жылдың 24 желтоқсанына дейін белгіленген, 2024 жылдың 31 желтоқсанында Шарт тоқтатылды.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді, онда жауапкер шартта көзделген міндеттемесін орындамағанын атап көрсеткен.

Сотта, жауапкермен шарт толық орындалмағаны, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылғаны анықталды, себебі Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес шарттың орындалуын растайтын құжаттардың болмауы.

АК-нің 349-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Міндеттемені бұзғандық үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талап етуі бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу кезінде жұмыс кестесінде белгіленген аралық мерзімдер ескеріледі. Тапсырыс беруші жұмыс нәтижесін белгіленген мерзімде алуды күтеді, оны сақтамау өз алдына теріс салдыр болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

ҚР АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1966 теңге мемлекеттік баж өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Биссалиева А. О., 27.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.04.2025, судья Биссалиева А. О., 30.04.2025
2713-25-3-1/74

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Зорхан» Адылов Арман Серикович жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Зорхан» Адылов Арман Серикович жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге наразы болған тарап Қазақстан Республикасы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына, Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруге құқылы.

Судья **А.О.Биссалиева**

Құжатқа қол қойылған: Биссалиева А. О., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.04.2025, судья Биссалиева А. О., 30.04.2025

2713-25-3-1/74